

Хаттама № 2

«Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Күршім ауданы бойынша
білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорны» педагогикалық Кеңесінің мәжілісі

18 тамыз 2021 жыл

Қатысқандар: педагогикалық Кеңес мүшелері 14 адам

Ата-аналар комитетінің төрағасы: 1 адам

Жиналыс бастығы: Адылбекова А.А

Хатшысы: Ерменова А.А

Күн тәртібі

1. Өздік аттестаттау қорытындылары.

Тыңдалды.

Т.М Кайшентаева -әдіскер , комиссия төрағасының орынбасары.

Шілде айында өздік аттестаттау комиссиясы Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы № 1270 Қаулысымен бекітілген
«Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау туралы Ережесіне» сәйкес
жұмыс жүргізгенін хабарлады. Аттестация барысында балабақша
лицензиясы, мемлекеттік қайта тіркеу, салық төлеушісінің тіркеу куәліктері,
жерді пайдалану құқығы актілері расталды. Төрт жылдың оқу-тәрбие
жұмыстарының жүргізілуі тексерілді.

Тексеру барысында көптеген жетістіктермен қатар мынандай
кемшіліктер анықталды. Тәрбиешілердің балалардың білімін бақылау
мониторингіндегі критерийлердің балалар жасына сай келмеуі, жалпы
материалдық базасының нығайтылмауы атап көрсетілді.

Сөйледі:

Рустемова Ш.Т комиссия мүшесі, тәрбиеші

Тәрбиешілер оқыту мен тәрбие барысында топтың құжаттарын реттеп,
перспективалық жоспарды, циклограммалар жазамыз. Күн тәртібін сақтай
отырып, балалармен түрлі шаралар жүргіземіз. Өткен оқу жылы жаңа
технологияларды ұйымдастырылған оқу қызметтерімізде кеңінен
пайдаландық, биылғы оқу жылында да балаларды ұйымдастырылған оқу
қызметін қызықтыратындай жаңа әдіс-тәсілдермен жүргізсек деп ұсынды.

**Адылбекова А.А балабақша меңгерушісінің л.у.а, комиссия
төрағасы.**

Балабақшамызда әр топқа қажетті тәрбиешілеріміз қызмет атқаруда.
Балабақшада психологқа арналған кабинет, әдіскерге арналған кабинет

жетіспейді. Материалдық техникалық базамыз жаңарса, жұмысымыз бұданда жақсарар еді. Қолда барға қанағат тұтып жұмысымызды жасай береміз. Ұжымда бірлігіміз болса барлық қиындықты жеңбей қоймаймыз. Бақылау департаментіне өздік аттестаттау материалдарын жіберуді ұсынамын.

Қаулы:

1. «Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны» 2021 жылғы тамыз айында өздік аттестаттау шарасы жүргізілді деп танылсын.

2. Өздік аттестаттау материалдары облыстық Білім саласындағы бақылау департаментіне өткізілсін.

Жауапты: Кайшентаева Т.М комиссия төрағасының орынбасары.

Жиналыс басшысы:  А.А Адылбекова

Хатшысы:  Ерменова А.А

